



## ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ТЕЛЕКӨПІР: ЕЛБАСЫНЫҢ РҰҚСАТЫМЕН АРОМАТИКАЛЫҚ КӨМІРСУТЕКТЕР ШЫҒАРУ КЕШЕНІНДЕ ІСКЕ ҚОСУ-БАПТАУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАУ АЛДЫ

25 желтоқсан - Индустриаландыру күні аясында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен жалпыхалықтық телекөпір өтті. Телекөпір барысында Елбасына Индустриаландыру картасына енген 15 жоба таныстырылды. Олардың қатарында Атырау мұнай өңдеу зауытындағы ароматикалық көмірсутектер шығару кешені де бар.

«Ароматикалық көмірсутектер шығару кешенінде К-3 стандарты деңгейіндегі жоғары октанды бензин, сондай-ақ мұнай-химияның базалық шикізаттары - жылына 133 мың тонна бензол және 496 мың тонна параксилол өндірілетін болады. Біз іске қосу жұмыстарын бастауға дайынбыз. Бұл елімізді К-3 экологиялық класына сай келетін мұнай өнімдерімен қамту ісіне қосар үлесіміз.

Жобаны жүзеге асыра отырып, құрамында бензол мен ароматикалық көмірсутектері аз автокөлік бензинді қолдану арқылы табиғатқа келетін зиянды әсер азаяды», - деді Елбасына жобаны таныстырған «АМӨЗ» ЖШС бас директоры Қайрат Оразбаев.

Телекөпір арқылы байланысқа шыққан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев құрылыс индустриясы мен мұнайды терең өңдеу әлемнің 30 дамыған елінің қатарына кіруге маңызды қадам екендігін атап айтты. «Дағдарыс, мұнай мен газ бағасының төмендеуі жағдайындағы қиындықтардан мұнай өңдеу саласының көмегімен шыға аламыз. Жылдам әрекет еткен сайын дами түсеміз. Біз төртінші мұнай өңдеу зауытын салып, дайын өнім мөлшерін көбейтуіміз керек. Бұл жобалар бізге аса қажет. Осының арқасында жаңа жұмыс орындары ашылып жатыр. Сондықтан да сіздер өте маңызды жоба-

ны іске қосқалы тұрсыздар. Жаңа жылда еңбектеріңізге табыс, мықты денсаулық тілей отырып, іске қосу жұмыстарын бастауға рұқсат беремін», - деді ол.

Президенттің рұқсатымен тетік басылып, іске қосу-баптау жұмыстары бастау алды. Салтанатты шараға қатысқан облыс әкімі Бақтықожа Измұхамбетов зауыттықтарды елеулі оқиғамен құттықтап, ыстық ықыласын білдірді.

«Бұл жобаны жүзеге асыруға мыңдаған адам ат салысты. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында бүгінгі нәтижеге қол жетіп отыр. Сіздерге алғыс айта отырып, еңбектеріңізге табыс, сәттілік тілеймін!» - деді облыс басшысы.

Атырау мұнай өңдеу зауытының бас директоры Қайрат Оразбаев өз кезегінде жергілікті биліктің зауыт ұжымына көрсетіп отырған қолдауы үшін ризашылығын жеткізді.

Ароматикалық көмірсутектер шығару кешені (АКШ) 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында салынды. АКШ кешенінің жобасы екі негізгі технологиялық нысан құрылысын қамтиды: катализаторды үздіксіз қалпына келтіретін каталикалық риформинг қондырғысы, бензол алу және ароматикалық көмірсутектер шығару қондырғысы.

Технологиялар лицензиары - мұнай өңдеу және мұнай-химия өндірісіндегі технологияларды лицензиялау саласындағы әлемдік көшбасшы саналатын француздық "Ахепс" компаниясы.

Кешен құрылысына 4500-ден астам жұмысшы қатысқан, ал пайдалану кезінде 160-тан астам жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Светлана ҚАЛИЕВА

## ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНЫЙ ТЕЛЕМОСТ: ПРЕЗИДЕНТ ДАЛ СТАРТ ПУСКОНАЛАДОЧНЫМ РАБОТАМ НА КПА

25 декабря 2014 года состоялся традиционный общенациональный телемост с участием Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева. Главе государства были презентованы 15 новых объектов, вводимых в действие в рамках Карты индустриализации. В их числе и комплекс по производству ароматических углеводородов на АНПЗ. В ходе телемоста с проектом ознакомил генеральный директор ТОО «АНПЗ» Кайрат Уразбаев:

«Комплекс по производству ароматических углеводородов будет вырабатывать высокооктановые бензины уровня стандарта К-3, а также базовое сырьё для нефтехимической отрасли-133 тыс. тонн бензола и 496 тыс. тонн параксилола в год. Мы готовы к пусковым испытаниям.

Реализация проекта уменьшит вредное воздействие на окружающую среду за счёт использования автомобильных бензинов с низким содержанием бензола и ароматических углеводородов».

«Строительная индустрия и глубокая переработка нефти - важнейшая задача нашей программы вхождения в число 30-ти развитых стран. В условиях кризиса, снижения цен на нефть и газ, переработка является выходом из положения. Чем быстрее мы это будем делать, тем быстрее мы будем развиваться. Нам надо строить новый нефтеперерабатывающий завод, больше выпускать готовой продукции, поэтому, проект очень важный, создаются дополнительные рабочие места. Поздравляю с наступающим Новым годом, желаю успехов в работе!», - сказал Нурсултан Назарбаев.

Лидер страны дал старт пускона-

ладочным работам.

Акиму области Бактықожа Измұхамбетов, принявший участие в церемонии, поблагодарил всех заводчан за единый, плодотворный труд.

«Тысячи человек трудились над этим проектом. И благодаря совместным усилиям мы достигли такого высокого результата. Выражаю вам за это благодарность, желаю успехов и благополучия в Новом году», - отметил глава региона.

В свою очередь, генеральный директор ТОО «АНПЗ» Кайрат Уразбаев поблагодарил акима области за поддержку, оказываемую нефтеперерабатывающему предприятию.

Напомним, что комплекс по производству ароматических углеводородов (КПА) построен в рамках реализации Государственной программы форсированного индустриально - инновационного развития (ГПФИИР) на 2010-2014 годы.

Проект КПА предусматривает реализацию двух основных технологических объектов: установку каталитического риформинга с непрерывной регенерацией катализатора и блоком извлечения бензола и установку производства ароматических углеводородов.

Лицензиаром технологий является французская компания «Ахепс», являющаяся одним из мировых лидеров в области лицензирования технологий для нефтеперерабатывающих и нефтехимических производств.

В строительстве КПА были задействованы более 4500 работников, в период эксплуатации будет создано более 160 новых рабочих мест.

Индира САТЫЛГАНОВА



# ЖАҢА САЯСАТ СЫНДАРЛЫ

**Өткен аптада Атырау мұнай өңдеу зауытында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ағымдағы жылдың 11 қарашасындағы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жұртшылыққа түсіндіру мақсатында құрылған республикалық ақпараттық насихат тобының жетекшісі, ҚР Энергетика министрлігінің бірінші вице-министрі Ұзақбай Қарабалин және топ мүшесі, ҚР Әділет министрінің орынбасары Бақытжан Әбдірайымның зауыттықтармен кездесуі өтті. Шараға Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары Ғұмар Дүйсембаев, қала әкімі Нұрлыбек Ожаев, облыстық кәсіпкерлер және жұмыс берушілер одағының төрағасы Әлия Бекқожиевалар қатысты.**

Жиналысты облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғұмар Дүйсембаев ашып, Елбасының тікелей тапсырмасымен құрылған республикалық топ аймақтарды аралап, халықпен кездесулер ұйымдастырып жатқандығын айтты. Мұндай кездесулер еліміздің барлық облыс-қалаларында, әрбір мекеме, кәсіпорындарында өткізілуде. Мақсат біреу, ол - Президент Жолдауынан туындайтын міндеттерді және олардың маңыздылығын халыққа түсіндіру.

осы үдерістерің теріс ықпалын сезінетіндігін де баса айтты.

Қазіргі кездегі әлемдегі қиын геосаяси-экономикалық жағдайға қарамастан, Қазақстан Республикасы Президенті бастамашы болған «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсат - міндеттерінің жүзеге асырылуы еліміздің әлеуметтік - экономикалық даму көрсеткішінің серпіндік және прогрессивтік өсуімен сипатталды. Мәселен, елдің жалпы ішкі өнімі 4 пайызға өсті, инфляция деңгейі 6-8 пай-



Алғашқы боп баяндама жасаған ҚР Энергетика министрлігінің бірінші вице-министрі **Ұзақбай Қарабалин** сөзін жуырда ғана аталып өткен еліміздегі ең басты мереке - Тәуелсіздік күнімен құттықтаудан бастап, министрлік атынан зауыт ұжымына зор табыс тіледі. Баяндамасына Жолдаудағы негізгі бағыттарды, Үкімет пен Энергетика министрлігі алдына қойылған міндеттерді арқау еткен Ұзақбай Сүлейменұлы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын бірқатар деректер келтірді.

- Елбасы Жолдауы әлемдік экономиканың құлдырауына, шикізат бағасының айтарлықтай төмендеуіне, геосаяси дағдарыс және жетекші мемлекеттердің ықпал-шара саясаты сындарына жауап болып табылады. Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев әлемнің болашағын және оның даму перспективаларын сипаттай отырып, жақын арадағы жылдар жаһандық қиындықтар уақыты болатындығын айтты. Күллі әлемнің сәулеті өзгеретін болады. Осы қиын кезеңді барлық елдер лайықты түрде бастан кеше алмайды. Бұл белестен тек күштілер өтеді, айрандай ұйып отырған елдер ғана өте алатындығын атап өтті. Қазақстан геосаяси шиеленістер эпицентріне жақын орналасқандықтан,

ыз аралығында сақталуда, еліміздің халықаралық активтері артығымен жиналуда, ұлттық қордың қаржысы жалпы ішкі өнімнің 34,7 пайызын құрайды. Еліміздің экономикасына орта есеппен жылына 12,5 миллиард АҚШ долларына дейін инвестициялары салынады. Бұл көрсеткіш Түркия, Ресей, Бразилия, Мексика сияқты елдердің деңгейінен жоғары.

Атырау облысы бойынша айтар болсақ, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері тұрақты, жұмыспен қамту, шағын және орта кәсіпкерлік, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы салаларында өсім байқалады. Ауыл шаруашылығының өндірісі 37 миллиард теңгеден асқан. Жұмыспен қамту саласында 14 700 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның ішінде 10 088 тұрақты, 4 600 уақытша жұмыс орны. Тек Атырау облысының өзінен мемлекеттік бюджетке 513 миллиард теңге салықтар мен басқа да міндетті төлемдер қосылып, Ұлттық қорға 1 триллион 553 миллиард теңге аударылғанын атап өту қажет. Сөз басында айтып өткенімдей, еліміздің де, облыстың даму көрсеткіштері айтарлықтай тұрақты. Біз осы орнымызды жоғалтпай, жаһандық қиындықтарды еңсеру үшін тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуіміз шарт. Мем-

лекет басшысының тапсырмасы бойынша бұл бағыттағы жұмыстар басталып кетті. 2015 жылғы бюджет алдағы мәселелер ескеріле отырып, қайта қаралды. Сондай-ақ, Үкіметтің алдына екі мақсат қойылып отыр. Біріншіден, экспорттық шикізат ресурстары бағасының төмендеуіне байланысты бюджеттік түсімдердің төмендеуі жағдайында бюджеттік шығындардың қайтарымын арттыру. Екіншіден, мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету. Осыған байланысты Президентіміз Қазақстанның инфрақұрылымдық даму жоспары негіз болған «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын жариялады.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне Қазақстан тиімділік және инновациялық даму факторларына жоғары мән берілетін тиімді дамудың үшінші кезеңіне ауыспалы позициядағы елдер тобында өз орнын сақтай отырып, 144 елдің ішінде 50-орынға ие болды. Бұл мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық бағдарламасының орындалуы арқасында мүмкін боп отыр. Мәселен, бірінші бесжылдықта Индустрияландыру картасы аясында жалпы сомасы 3 триллион теңгеге 673 жоба пайдалануға беріліп, 69 мың тұрақты жұмыс орны ашылған. Ал Атырау облысында жылдың басынан бері 8,5 миллиардтан астам теңгеге 473 жұмыс орны ашылып, 8 жоба іске асырылған.

Елбасы Жолдауы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының іске асуын жалғастыруға бағытталған. Ол өндірісті өртартапандыру және бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін жағдай жасау мақсатын көздейді. Президентіміз үдемелі индустриалдық - инновациялық даму бағдарламасы аясындағы жобалардың маңыздылығын ескеріп, Үкіметтің осы бағыттағы жұмыстарына баса назар аударып отыр. Елбасымыз жұмыс істеп тұрған арнайы экономикалық аймақтардағы инфрақұрылымдық қалыптастыру жұмыстарын аяқтау керектігін міндеттеп, Үкімет пен әкімдерге оларды нақты жобалармен толықтыру жөнінде жедел шара қабылдауды тапсырды. Өздеріңізге мәлім, Атырау облысындағы «Ұлттық индустриалды мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы Қарабатан, Теңіз, Атырау деген үш учаскеден тұрады. Болашақта өңірде мұнай-химия кластері құрылатын болады. Бірінші кезектегі жобалар белгіленді, олар - жылдық қуаты 500 мың тонна пропилен өндірісі, жылдық қуаты 800 мың тонна полиэтилен өндірісі, жылдық қуаты 250 мың тонна бутадиең өндірісі. Бұл жобалар құрылысы кезінде 8 мыңға жуық, ал пайдалану кезінде 1

300-ден астам жұмыс орны ашылады деп көзделуде.

Ұзақбай Қарабалин өз сөзінде еліміздің 2017 жылы «Болашақтың энергиясы» тақырыбында өтетін ЕХРО халықаралық байқауына дайындық үстінде екендігін айта келе, Қазақстанның энергетика саласындағы экологиялық көрсеткіштерінің айтарлықтай жоғарылағандығын атап өтті. Бұған жаңартылған энергия көздерін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстардың оң әсері тиген.

Мұнай-газ секторының экспорттық потенциалын дамыта отырып, көмірсутектерді өңдеу мен өндірудің жаңа тәжірибелеріне сүйенуге және дәстүрлі өндіруші секторлардың тиімділігін арттыру мәселесінде Жолдауда ерекше мән берілген. Айта кету керек, мұнай саласы елдің жалпы ішкі өнімінің 25 пайызын, тікелей шетел инвестициясының үштен бір бөлігін, Ұлттық қордың 99 пайызын, экспорттың 70 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Әрине, оның өзге салаларға, соның ішінде халықтың өмір сүру деңгейіне әсері айтпаса да түсінікті. Бүгінде Қазақстан дәлелденген мұнай қоры бойынша әлемнің 15 елінің, газ қоры жөнінен алғашқы жиырмалықтың қатарында. Еліміздің бас мұнайшысының айтуынша, соңғы жиырма жылда мұнай өндіру көлемі үш есеге өткен, бүгінде жылдық көрсеткіш 80 миллион тонна шамасында болса, жиырма жылдан соң 100 миллиондық межеден асып түседі деген болжам бар.

Бас мұнайшы баяндама барысында отандық мұнай өңдеу зауыттарын қайта жаңғырту жұмыстарына жеке-кейі тоқталды. Атырау мұнай өңдеу зауытындағы қос жобаның өзектілігін атап көрсеткен Ұзақбай Қарабалин зауыттарды жаңғырту жұмыстары ішкі нарықты сапалы мотор отындарымен қамтамасыз ету мәселесін оңтайлы шешеріне сенім білдіріп, осындай салмақты жауапкершілік жүгін арқалаған зауыт ұжымын сенімді ақтауға шақырды.



Келесі боп сөз алған ҚР Әділет министрінің орынбасары **Бақытжан Әбдірайым** мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және тиімділігін арттыру мәселесіне қатысты өзінің

кәсіби көзқарасын білдірді. Жиналысқа қатысушыларға мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформалар жөнінде мағлұмат берген ол елімізде жүріп жатқан мүлкті жария ету шараларына да арнайы тоқталды.

-Мүлкті жария ету - мемлекеттік органдардың табалдырығын тоздырмай, жерді немесе үйді, басқа да мүліктерді жылдам тіркетудің өте жақсы мүмкіндігі. Назар аударатын жәйт, сіздің тіркететін жеріңіз өзіңізге заңды түрде бөлінген учаске аумағында болуы тиіс, - деді ол.



Келесі спикер, Атырау облыстық кәсіпкерлер және жұмыс берушілер одағының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты **Әлия Бекқожиева** кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы мемлекет тарапынан жасалып жатқан жұмыстарға тоқталып, шағын және орта бизнес нысандары шоғырланған Атырау мұнай өңдеу зауыты басшылығына ынтымақтастық үшін алғыс білдірді. Әлия Байжанқызының айтуынша, еліміздегі кәсіпкерлікті қолдау жүйесі өзге елдерден әлдеқайда ілгері.

- Ел кәсіпкерлерінің былтыр Елбасымыз жариялаған мораторий үшін ризашылықтары шексіз. Бұл бағыттағы жұмыстар шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының көбеюіне, салық түсімдерінің артуына себеп болды. Бизнес үшін берілетін рұқсат құжаттамаларын алу, жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау, салық аударымдары тұрғысында оң өзгерістер орын алып, бірқатар жеңілдеді. Ал басым жобаларды жүзеге асыруға ниетті инвесторлар үшін келер жылдың 1 қаңтарынан бастап арнайы салықтық жеңілдіктер енгізілмек, - деді ол өз сөзінде.

Мәртебелі меймандардан соң мінбеге шыққан кәсіпорын басшысы **Қайрат Оразбаев** кездесуді ұйымдастырушылардың назарынан зауыт ұжымының да тыс қалмағандығы үшін алғыс білдіріп, кәсіпорын қызметі туралы баян етті.

- Бұған дейінгі болжамдар кәсіпорын қызметінде бүгін анық байқалуда. Ресей рублінің құлдырауы, елімізге әкелініп жатқан ресейлік арзан дизель мен бензин, нарықтағы экспансия біздің де көрсеткіштерімізге әсер етіп етуде. Мұнай арзандауда, бұл жағдай бізден шұғыл шаралар қабылдауды қажет етеді. Әрине, зауыт үшін экспорт





# УАҚЫТТА СҮРІНБЕУІМІЗ ҮШІН ҚАЖЕТ



бағасының арзандағаны тиімді, алайда ел игілігі үшін еңбек етіп отырғандықтан бұлай дей алмаймыз, елдің де жайын ойлаймыз.

Біз барлық көрсеткіштер бойынша алда келеміз, күні бүгінге дейін бірде-бір апатты жағдай тіркелген жоқ. Жұмыс тұрақты. Бірақ алда жағдай өзгеруі мүмкін, бұл біріншіден желтоқсан айында жеткізілуі тиіс мұнай көлеміне байланысты.

Егер мұнай бағасы бұдан әрі төмендейтін болса, біз 2015 жылдың екінші кезектегі шығындарын қысқартуға мәжбүрміз. Біздің басты міндетіміз - осы қалпымызды, елеуметтік бағдарламамызды, жоғары деңгейдегі жалақымызды сақтап қалу, - деді Қайрат Оразбаев.

Зауыт басшысы өз сөзінде өкімшілік-басқару қызметкерлерін қысқарту мәселесін де қозғады. Бірінші дағдарыс жылдарында 15 пайызға дейін қысқарту жүргізілсе, бүгінде бұл көрсеткіш 20 пайызды құрайды. Мұның барлығы ішкі резервтерді қайта бөлу, алдағы уақытта іске қосылатын өндіріске жұмысқа тарту есебінен жүзеге асырылуы да.

- Кәсіпорында шағын және орта кәсіпкерлік үлесін арттыру бағытында да көлемді жұмыс жүріп жатыр. Бұл Ұлттық компанияның Үкіметтік бағдарлама негізінде бекіткен аутсорсинг жұмыстарына қатысты. Зауыт құрамынан шығарылған нысандардың барлығында да бұған дейінгі жалақы мөлшері, елеуметтік пакет толығымен сақталды. Олардың аяқ алысы зауыт басшылығының назарында. Айта кету керек, аутсорсинг нәтижесінде зауыт экономикалық тұрғыда пайда көріп отыр, бұл зауыт бюджеті шығынының азаюымен түсіндіріледі.

Екі бірдей алып кешеннің құрылысы жүргізіліп жатқан Атырау мұнай өңдеу зауыты болашақта озық технологиялы заманауи кәсіпорынға айналуға мүдделі. Жасыратыны жоқ, ароматикалық көмірсутектер кешенінің құрылысы мерзімінен кешеуілдеу қалды. Бұған тапсырыс беруші тарап боп табылатын зауыттықтардың кінәсі жоқ, себеп - мердігер мен субмердігерлерде. Десек те, зауыт жауапкершіліктен қашпайды. Кәсіпорын ұжымы алдында кешенді іске қосып, жаңа өнім беру міндеті тұр. Іске қосылатын жаңа CCR қондырғысы ішкі

нарықты жоғарықанды бензинмен қамтамасыз етіп, ағымдағы жылғыдай бензин тапшылығының орын алуына жол бермейтін болады. Ал егер бензин жеткілікті болса, нарыққа мұнай химия өнімдері шығарылмақ, - деді ол.

Кездесудің келесі бөлімінде кезек зауыт қызметкерлеріне ұсынылып, зауыт зертханасы басшысының сапа жөніндегі орынбасары **Ақмарал Гусманова**, 5 цех басшысы **Юрий Шкодиндер** сөз алды. Олар Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы қиын-қыстау жағдайда елді дағдарыстан аман алып шығуға жол ашатын маңызды бағдарламалық құжат екендігін атап айтып, жария болған жаңа саясат кемел келешек пен тұрақтылыққа бастарына зор сенімдерін білдірді.

Кездесу барысында зауыт қызметкерлері республикалық ақпараттық насихат тобына өтініш, сауалдарын жолдады.

## **Руслан Ильясов, мұнай өңдеу департаменті бастығының орынбасары – өндірістік бөлім бастығы:**

- Өндірістік жоспарды орындау мақсатында ауқымды жұмыс жүргізілді. Жылдың аяқталуына санаулы күндер қалды. Сізден мұнайдың министрлік бекіткен мөлшерде жеткізілуіне қолдау көрсетуіңізді сұраймыз.

## **Ұзақбай Қарабалин, ҚР Энергетика министрінің бірінші вице-министрі:**

- Бұл бағытта жұмыс жүріп жатыр. Қазақстандағы үш мұнай өңдеу зауыты сұраныстың 70 пайызын қамтамасыз етеді. Қалған бөлігін жыл сайын Ресейден алып отырдық. Былтыр Ресейде 258 миллион тонна мұнай өңделсе, бізде 14 миллион тонна өңделген. Олар көмектен ешқашан бас тартқан емес. Бірақ биылғы жыл ерекшеліу болды. Сібірдегі зауытта орын алған өрт, Мәскеу мен Рязаньдағы зауыттардың тоқтауы бір мезгілге тап келді де, үкіметаралық келісім негізінде алынатын мұнай өнімдері қажетті мөлшерде жеткізілмеді. Сондықтан осындай жағдай орын алды. Бұған қоса, былтыр Ресейде мұнай өнімдерінің бағасы өсті, біздің бағалармен салыстырғанда 30-40 пайыздай айырмашылық болды. Осының себебінен тонналаған мұнай өнімдері заңсыз шекара асты. Жыл сайын Үкімет ашық түсті мұнай өнімдерін шығаруға тыйым салатын қаулы қабылдайды. Соған қарамастан, отынды заңсыз әкетушілерге тосқауыл қою мүмкін болмай тұр. Біз еуразиялық жанар май бекетіне айналдық. Бізге бензинді Белоруссиядан сатып алуға тура келді, ал өзіміздегі бензин 42 елдің ішіндегі ең арзаны. Сонда біз бензинді өзгелерден қымбат бағаға сатып аламыз, ал «ҚазМұнайГаз» ҰҚ оны төмен

бағаға кері сатады, яғни, шығын орын алады. Біз өзіміз сырттан әкеліп жатқанда, өзгелер оны цистерналап тасып әкеліп жатты. Қазір ахуал өзгерді. Ресейде бензин арзандады, енді оларға бізден тасудың қажеті жоқ. Сондықтан бензин бағасын төмендету туралы шешім қабылданып, ресейлік бағамен сәйкестендірдік. Бірақ бүгінде кері процесс жүріп жатыр. Бізге енді ол жақтан бензин, дизель тасылып жатыр. Ал біздің дизель отынымыз жазғы. Бізде екінші бір проблема туындап отыр, ол - зауыттардағы тауарлардың толықтығы. Бұл өз кезегінде бүкіл мұнай өңдеу процесін шектейді. Осыны теңгеру қажет. Мұнай компанияларын зауытқа тарту үшін жағдай жасалуы керек. Креативті көзқарас қажет. Сонда олар өздерінің шағын мұнайын экспортқа ала жүгірмейді.

Бұл зауыт - біздің мақтанышымыз. Сіздер алуан түрлі жағдайды бастан өткердіңіздер. Зауыттағы қайта жаңырту жұмыстары сіздерді жаңа бір деңгейге көтермек. Еліміздің мұнай өңдеу саласының тұңғышы едіңіздер, енді мұнай-химияға да бірінші боп түрен салмақсыздар. Сіздерге әркез алғы шепте болып, елімізді жетістіктерімізбен қуанта бергейсіздер деп тілеймін!

## **Ақбөбек Гилманова, еңбекті ұйымдастыру және ақы төлеу бөлімінің маманы:**

- Президент Ұлттық қордан қаржы бөлу туралы шешім қабылдады. Олар экономиканың түрлі салаларындағы жобалардың жүзеге асырылуына жұмсалмақ. Алайда экономика және қаржы саласындағы отандық сарапшылар мен саясаттанушылар қордың ашылуы мен қаржының шығындалуына алаңдаушылық танытуда. Ұлттық қор қаражатының игілігін көру біздің ұрпағымызға бұйырма ма?

## **Ұзақбай Қарабалин, ҚР Энергетика министрінің бірінші вице-министрі:**

- Елбасымыз Ұлттық қордың қаражаты қандай да бір қиындықтар туындаған жағдайда пайдалану үшін жинақталғанын айтқан болатын. Міне, сондай сәтті орайы келгенге ұқсайды. Пайдалы қазбалардан түсетін қаржының шағын ғана бөлігі бюджетке, қалғаны түгелдей дерлік Ұлттық қорға түседі. Бүгінде бұл қорда 100 миллиард доллар шамасында қаражат бар. Елбасымыз соның 3 миллиардын ғана инфрақұрылымды дамытуға жұмсау туралы шешім қабылдады. Еліміз бір орында тұрмақ емес, тиісінше, түскен табыс та Ұлттық қорға жіберіліп отырады. Меніңше, бұл өте дұрыс шешім және ұрпағымыздың ертеңіне алаңдауға негіз жоқ. Ал бүгінгі міндет - қиындықтарды еңсеріп, халқымыздың өмір сапасын сақтап қалу.

**Светлана Қалиева,**

## **«Новатор» газетінің редакторы:**

- Ұзақбай Сүлейменұлы, бүгінгі баяндамаңызда Қазақстан мұнай қоры жөнінен әлемнің 15 елінің қатарында екенін айттыңыз. БАҚ-да әлемдік мұнай қоры көлемінің азайғандығы, әлем елдерінің балама энергия көздерін қолдануға қызығушылығы турасында жиі айтылып жүр. Біздің еліміздің мұнай қоры қандай? Әріге бармай-ақ қояйық, басты бағдарымыз боп отырған 2050 жылы мұнай саласы «Қазақстан экономикасының локомотиві» деген мәртебесін сақтап қалады деп ойлайсыз ба?

## **Ұзақбай Қарабалин, ҚР Энергетика министрінің бірінші вице-министрі:**

- Мұнайшы ретінде бұған сенім білдіре аламын. Біз мұнай қоры жөнінен әлем бойынша 12-нші орындамыз, қоры бар елдердің алғашқы жиырмалығындамыз. Бұл өте жоғары көрсеткіш. Әрине, бұл Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ сынды алып кен орындарының арқасы. Бұған дейін барлық кен орындарын толықтай дамыта отырып, жылына 150-170 миллион тонна мұнай өндіреміз деген жоспар болған. Жыл жарым уақыт бұрын Елбасымыз қажеттіліктерімізді қайта есептеуді тапсырды. Сонда ол: «Күніне 2 миллион баррель жете ме, жоқ па?» - деп сұрады. Бұл жылына 100 миллион тонна деген сөз. Осы орайда министрлік тарапынан кең көлемді сараптама жұмыстары жүргізілді. Бізге мұнайды жылдам өндіріп алуға болар еді. Жылына 150-170 миллион тонна мұнай өндіретін болсақ, 2030 жылға қарай көрсеткіш азая бастайды да, 2050 жылдардағы көрсеткіш жылына 20 миллион тонна шамасында ғана болады. Сондықтан да, 100-115 миллион тоннаға жеткен соң осы қалыпты ұзақ мерзім бойына сақтап отыру туралы шешім қабылданды. Бұл біздің ішкі сұранысты қамтамасыз ету үшін жеткілікті. Бүгінде біз өндірілетін 80 миллион тоннаның 14 миллионы ғана пайдаланамыз да, қалғанын экспортқа жібереміз.

Өздеріңіз білесіздер, қыркүйек айында Атырауда аймақаралық форум өтті. Осы форумда біз Қазақстан және Ресей Мемлекет басшыларына «Еуразия» жобасы туралы баяндадық. Бұл жоба Каспий маңы ойысында аймақтық геологиялық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Каспий маңы ойысының шекаралары, өздеріңіз білетіндей, солтүстікте - Орынбор, Қарашығанақ, Жаңа жол, Ақтөбе, бізде - Теңіз, Қашаған, одан әрі Астрахань мен Волга маңы. Мұның үштен бірі - Ресейдің, үштен екісі - Қазақстанның еншісінде. Идеяны «Казэнерджи» Ассоциациясы ұсынды. Алдағы уақытта ойыстың мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеліп, түбінде не жатқандығы терең зерделенетін болды. Алдын ала деректер бойынша, біздің мұнай қорымыз 5

миллиард тонна. Бірақ Каспий маңы ойысы түбегейлі зерттелгеннен кейін бұл көрсеткіш 60 миллиард тоннаға дейін жетуі мүмкін. 2030 жылға қарай кен орындарындағы қор сарқыла бастаған кезде жаңа кен орындарын игеруге кірісетін боламыз.

## **Қуаныш Абдолов, логистика және транспорттық операциялар қызметінің жетекшісі:**

- Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған Атырау-Астрахань тас жолын жөндеу қашан басталмақ?

## **Ұзақбай Қарабалин, ҚР Энергетика министрінің бірінші вице-министрі:**

- Президент Жолдауында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесі жан-жақты қамтылған. Астанадан барлық жақтарға тарайтындей көлік желісі құрылмақ. Жолдауда сіз айтқан Атырау - Астрахань бағыты да бар. Әрине бұл әп-сәтте жүзеге аса қоймайды, бұл дегеніңіз - ақша, мерзім, жұмысты ұйымдастыру, т.б. Ең негізгісі - бұл жоба Жолдауда айтылған, тиісінше Елбасының тікелей бақылауында болады деген сөз.

## **Ғұмар Дүйсембаев, облыс әкімінің бірінші орынбасары:**

- Жол мәселесі облыс басшылығы тарапынан бірнеше мәрте мәселе етіп қойылды. Аймақаралық форум алдында Астрахань-Атырау тас жолының Ганюшкиноға дейінгі бөлігіндегі шұңқырларын жөндеу үшін 700 миллион теңге қаражат бөлінді.

## **Қасиет Лұкпанов, АКШ кешені операторы:**

- Президент Жолдауында индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде 10 ЖОО анықталғандығы туралы мәлімдеді. Бұлардың санатында мұнай саласы мамандарын дайындайтын Атырау өңіріндегі бірден-бір жоғары оқу орны - Атырау мұнай және газ институты бар ма?

## **Ұзақбай Қарабалин, ҚР Энергетика министрінің бірінші вице-министрі:**

- Иә, бұл оқу орны 10 басым ЖОО санатында бар, алдағы уақытта білім ошағын жандандыра түсу үшін мемлекет тарапынан қаражат бөлінетін болады. Маған білім министрінен қамқорлық кеңесіне мүше болу туралы ұсыныс түскен болатын. Мүшелікке енер болсам, студенттеріміздің сапалы білім алуына жағдай туғызатын жұмыстарды қаржыландыру ісіне ықпал етуге тырысамын.

*Ашық еңгіме алаңына айналған кездесу соңында республикалық ақпараттық насихат тобының жетекшісі, ҚР Энергетика министрінің бірінші вице-министрі Ұзақбай Қарабалин зауыттықтарды ел игілігі жолында еселі еңбек етуге шақырды.*

**Светлана ҚАЛИЕВА**



**На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе прошла встреча с руководителем республиканской информационно – пропагандистской группы (ИПГ), первым вице – министром энергетики Узакбаем Карабалиным и членом ИПГ, заместителем министра юстиции Бакытжаном Абдыраимом. Целью приезда высоких гостей в наш регион, и в частности, на наш завод стало разъяснение Послания Президента народу Казахстана «Нұрлы жол – Путь в будущее». Во встрече также приняли участие первый заместитель акима Атырауской области Гумар Дуйсембаев, аким города Атырау Нурлыбек Ожаев и председатель Союза предпринимателей и работодателей, депутат областного маслихата Алия Беккужиева.**

Открывая встречу, первый заместитель акима области Гумар Дуйсембаев сообщил о том, что в регион прибыла республиканская информационно – пропагандистская группа в большом составе, и часть членов разъехалась по районам, по трудовым коллективам областного центра.

жет нефтяной регион перечислил 513 млрд. тенге налогов и других обязательных платежей, в Национальный Фонд - 1 трлн.555 млн. тенге. Одним словом, показатели как страны в целом, так и региона, в частности, стабильные. И мы должны сохранить этот темп, более того, приумножить показа-

из 174 населенных пунктов 2 города и 127 аулов обеспечены природным газом, что составляет 92%.

Мы готовимся к проведению международной выставки ЭКСПО 2017, которая пройдет под названием «Энергия будущего». Экологические составляющие в отече-



Затем слово было предоставлено руководителю республиканской ИПГ, **первому вице – министру энергетики Узакбаю Карабалину.**

- Уважаемые заводчане, коллеги, земляки. Разрешите приветствовать вас от имени министерства энергетики! Сегодня мы собрались здесь, чтобы обсудить Послание Президента «Нұрлы жол – Путь в будущее», - начал свое выступление Узакбай Карабалин. - Ближайшие годы станут временем глобальных испытаний, сказал Нурсултан Назарбаев. Будет меняться вся архитектура мира. Достоинно пройти через этот сложный этап смогут далеко не все страны. Этот рубеж перейдут только сильные государства, сплоченные народы. Казахстан, как часть мировой экономики и страна, которая находится в непосредственной близости к эпицентру геополитического напряжения, испытывает негативное влияние всех этих процессов. Несмотря на все трудные моменты, наше государство делает поступательные шаги вперед, реализуя долгосрочную Стратегию развития «Казахстан – 2050». ВВП страны вырос на 4%, уровень инфляции – 6,8%, увеличиваются международные активы, средства Национального Фонда составляют 34 % от ВВП, 12,5 млрд. долларов инвестиций ежегодно привлекаются в экономику Казахстана, этот показатель выше показателей таких стран, как Турция, Мексика, Бразилия. Динамичный рост развития всех сфер экономики отмечается и в Атырауской области, где только сельскохозяйственной продукции было произведено на сумму 37 млрд. тенге. Создано 14.700 рабочих мест, из них 10 088 - постоянные. В республиканский бюд-

жета. Работа в этом направлении уже ведется, республиканский бюджет откорректирован с учетом происходящих событий. Перед правительством поставлены две задачи: увеличение доходной части бюджета и выполнение всех социальных обязательств. В связи с этим Президент объявил о начале новой экономической политики, которая охватит семь направлений, и произведет мультипликативный эффект на все отрасли экономики. Благодаря масштабной индустриализации всей страны, инициированной главой государства, наша республика вышла на качественно новый уровень развития и заняла 50 место среди 144 держав в глобальном индексе конкурентоспособности. В первой пятилетке государственной программы форсированного индустриально – инновационного развития (ГПФИИР) было осуществлено 673 проекта на сумму 3 трлн.тенге. В Атырауской области с начала этого года реализовано 8 проектов, создано 470 рабочих мест на 8,5 млрд. тенге. Послание «Нұрлы жол» нацелено на продолжение индустриализации страны, начинается вторая пятилетка. В Атырау будет создан нефтехимический кластер.

В целях обеспечения населения страны природным газом, составлена Генеральная схема, она утверждена в правительстве. Согласно этому документу, снабжение казахстанцев голубым топливом до 2030 года достигнет 56%. И если в 2013 году было использовано 11 млрд. кубометров газа, то к 2030 году эта цифра достигнет 18 млрд.кубометров. По газификации Атырауская область занимает одно из лидирующих мест в республике, протяженность газопроводов составляет 7,5 тысяч километров,

ственной энергетике значительно улучшились, этому способствовали реализация инновационных, экологически безопасных проектов. Особое внимание в Послании уделено инновациям в сфере нефтедобычи и нефтепереработки. И это объяснимо, так как, нефтегазовая отрасль является локомотивом экономики страны, и составляет 25% ВВП, одну треть общих инвестиций, 70% экспорта и обеспечивает 99% поступлений в Национальный Фонд.

По нефтяным запасам Казахстан вошел в число 15 стран мира, по газу - в двадцатку. За последние 20 лет добыча «черного золота» в нашей стране выросла в три раза и составила 80 млн. тонн ежегодно, в предстоящие 20 лет ожидаем доведения добычи до более 100 млн. тонн. Министерством энергетики проводится и системная работа по нефтепереработке. В том числе, модернизация и реконструкция отечественных НПЗ. На нашем заводе идет реализация двух проектов: КПА и КГПН. Первый из них на стадии запуска. Это очень важный проект, играющий одну из основных ролей в развитии отечественной нефтехимической отрасли. Поэтому, вы должны понимать, какая ответственность ложится на ваши плечи. Второй проект направлен на увеличение глубины переработки нефти, завод сможет перерабатывать до 5,5 млн. тонн нефти, выпускать 1 750 тыс. тонн автомобильного бензина, 1 640 тонн дизельного топлива, 244 тысяч тонн авиакеросина. Надеемся, что с введением этих проектов мы получим независимость на рынке ГСМ. Думаю, что в полной мере осознаете сложность задачи, стоящей перед коллективом. Вся страна смотрит на вас.

## ИДТИ ВПЕРЕД,

Главный приоритет Послания, говорит Узакбай Карабалин, войти в число 30 развитых стран. В соответствии с этим, перед министерством энергетики стоят следующие задачи: совершенствование инвестиционного климата, активизация политики технологий, внедрение инноваций, переход Казахстана на «зеленую» экономику, переработка отходов для вторичного пользования и государственный экологический контроль. В прошлом году, по словам первого вице – министра энергетики не было фактов превышения предельно допустимых норм, этому способствовало ужесточение контроля со стороны правительства, соблюдение природопользователями норм Экологического кодекса, и переход предприятий на передовые безвредные технологии.

В завершение речи, Узакбай Карабалин выразил уверенность в том, что атыраусцы, всегда демонстрировавшие сплоченность, самоотверженный труд и понимание, не отойдут от своих славных традиций и будут их продолжать.

В своем выступлении заместитель министра юстиции **РК Бакытжан Абдыраим** остановился на реформе органов государственного управления.

- У нас в министерстве юстиции сокращены все три комитета, они преобразованы в обычные департаменты. В областях если раньше мы имели по два департамента, то сейчас – по одному. Были оптимизированы 16 самостоятельных казенных предприятий, все они объединены в одно с филиальной сетью в 16 регионах. Проведена реорганизация в системе экспертной службы. Если до этого года система экспертизы находилась в разных ведомствах, то теперь и медицинская отдана в компетенцию министерства юстиции. А со следующего года к нам перейдут судебно – психиатрическая и судебно – наркологическая службы. Часть полномочий передана местным исполнительным органам. Оптимизирована структура управления. Второй момент, на который хотел бы обратить внимание, это внесение пакета изменений в законодательные акты, связанных с кардинальным улучшением сферы предпринимательской деятельности. Сделана серьезная новация на упрощение деятельности, сняты многие ограничения. В частности, теперь не нужно будет платить регистрационные сборы при открытии и закрытии предприятий, не обязательно наличие печати для открытия предприятия, все процедуры можно будет пройти за один день, причем, все это будет происходить в электронном формате, ряд функций переданы в конкурентную среду. Упрощено законодательство в части предоставления земельных участков, разрешительных документов на проведение инженерных коммуникаций. Думаю, что до конца этого года законопроект будет принят, и уже с 1 января 2015 года новеллы вступят в силу.

Сейчас в стране идет легализация имущества и капитала, это очень хорошая возможность для тех, кто имеет землю или дом, без всяких проволочек, годовых скитаний по госорганам, быстро зарегистрировать свое имущество. Необходимо лишь одно условие: недвижимость, которую хотите легализовать, должна находиться на земельном участке, который отведен вам в законном порядке. Все эти меры были приняты превентивно, по указанию Главы государства.

**Председатель Союза предпринимателей и работодателей Атырауской области, Алия Беккужиева** выразила благодарность руководству завода за активное сотрудничество с предпринимательским сектором. Как отметила депутат областного маслихата, вокруг таких больших предприятий, как АНПЗ и аккумулируется малый и средний бизнес.

